

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

**Басымдыққа ие дақылдардың егістік көлемі бойынша жоспар 2 есе артығымен орындалуы мүмкін.**

Биыл ақпан айының басында «ҚазАгро» Ұлттық холдингі көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруды бастады. Бағдарламаның операторы ретінде «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ (Корпорация) бекітілді.

Қазіргі таңда Қазақстанның барлық аймақтарынан тікелей Корпорацияға, кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктерге жалпы сомасы 73 млрд теңгені құрайтын 1324 өтініш келіп түсті. Соның ішінде:

- 13 өтініш бойынша 1,3 млрд теңге берілді;
- жалпы сомасы 7,56 млрд теңге болатын 47 өтініш мақұлданды;
- 6,4 млрд теңгенің 856 өтініші қаралуда;
- кредит алуға ниет білдірген шаруалардан (потенциалды қарыз алушы)

57,8 млрд теңгені құрайтын 408 өтініш қабылданды.

Ең белсенді шаруалар - Оңтүстік Қазақстан облысында. Бұл аймақтан 2,4 млрд теңгенің 805 өтініші келіп түсті.

Фермерлердің өтініштерінен құралған егістік көлемі бойынша жоспар шамамен 3 миллион гектарды құрап отыр. Оның 1,1 миллион гектары басымдыққа ие дақылдардың егістік жерлері. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспары бойынша басымдыққа ие дақылдардың егістік көлемі кем дегенде 597,4 мың гектарды құрауы тиіс. Яғни, қазіргі өтініштердің барлығы мақұлданатын болса, жоспар екі есе артығымен орындалуы мүмкін.

Шаруалардан түскен өтініштерге сай, майлы дақылдардың егістік көлемі бойынша жоспар қазіргі таңда шамамен 670 мың гектар, ал арпа – 372,5 мың гектарды құрайды. Басымдыққа ие өзге дақылдар (бидай, көкөністер, бақша, бұршақ, бір жылдық, көп жылдық шөптер, қарақұмық, тары және т.б.) бойынша келіп түскен өтініштерге сай егістік көлемінің жоспары 1,87 миллион гектарды құрап отыр.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 2017 жылы көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруда басымдыққа ие болатын бірқатар ауыл шаруашылығы дақылдары белгіленді. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі егістік алқаптарын әртараптандыру мақсатында, биылғы несиелеуде бірінші кезекте мына дақылдарға басымдық беріп отыр: майлы дақылдар (күнбағыс, рапс, зығыр, соя), арпа, қант қызылшасы, күріш, астыққа арналған жүгері, мақта, сұлы мен картоп.

Басымдыққа ие дақылдарға бөлінетін 38 миллиард теңгенің сомасы 2017 жылдың 1 сәуіріне дейін сақталады. Бұдан соң қалған ақша шаруалардан түскен өтініштер бойынша үлестіріледі. Егер бұл қарастырылған қаражат толықтай игерілмесе, қалған ақша барлық дақылдарға, соның ішінде басымдыққа ие дақылдарға да берілетін болады.

2017 жылы отандық аграрийлерді қолдау мақсатында республикалық бюджеттен 60 миллиард теңге бөлінген болатын. Бюджет ақшасынан бөлек көктемгі егіс жұмыстары өзге қаржы көздерінен, соның ішінде Корпорацияның меншікті қаражатынан қаржыландырылады. Корпорация 2009 жылдан бері «Кең дала» бағдарламасы бойынша шаруаларға 173,5 миллиард теңгенің несиесін беріп үлгерді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бәсекеге қабілетті ауыл кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыратын қолжетімді несиелендіру жүйесін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырып келеді.

Корпорация «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі компаниялар тобының құрамына кіріп, соның тікелей жетекшілік етуімен Қазақстанның барлық облыстарында орналасқан 13 филиал мен өкілдіктерінде өз қызметін жүзеге асыруда ауқымды жұмыстарды атқарып отыр.

**«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**